

Абай журналының барлық санында бүркеншік атпен жарияланған мақалалар кездеседі, содан басқа да проблемалық тақырыптар ғана емес, әдеби шығармалардың өзінде псевдоним қолданылған. Журналдың басылым беттерінде М.Ә., Жас түрік, М.Т., А.Б., Ә., Сарыарқа, Е.И., Мұхтар және тағы сол сияқты лақап аттар кездеседі.

«Абай» журналында редакция тарапынан басылым айына екі рет шығады деп көрсетілген, бірақ соңғы уақыттарында бір рет айына шығып отырған. Журналдың кейбір сандарында 16, 17 бет болса, кей сандарында 21 бетке дейін жарық көріп отырған.

Алашорда үкіметі құлағаннан соң «Абай» журналы да 1918 жылғы 11 қарашада жабылады.

Ал 1992 жылы Тәуелсіздік алғаннан бастап «Абай» журналы қайта шыға бастайды.

1992-2000 жылдары әдеби зерттеу, этнографиялық, фольклорлық, естеліктер мен талдамалы мақалалар шығып тұрды. Қазіргі уақытта шет тіліндегі шығармалар мен ғылыми мақалалар, қазақ туындыларының аудармалары жаряланып тұрады.

«Қазіргі «Абай» журналы 68 айдар аясында ақпарат береді, оларды шартты түрде төртке бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа ұлы тұлғалар туралы ақпаратқа, олардың өмірі мен қызметіне шолу жасауға басты көңіл бөлетін айдарларды жинасақ, екіншісінде тарих пен этнографияны зерттеу, сонымен қатар қазіргі қоғамның проблемалық салаларын талқылауға бағытталған, ғылыми еңбектер мен салмақты сараптамаға басымдық беретін айдарлар болмақ» [2].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 <http://yvisio.kz/ekpin/>
- 2 <https://kk.wikipedia.org/>

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ

*Маманова А.Ш.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтанқ.*

Әр мемлекеттің болашағының баянды болуы бүгінгі жастар болмысының ертең қалай қалыптасарына байланысты екендігі мәлім. Дөңгеленген дүниені тану жолында дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат ретінде мойындалған бұл процесс, тәуелсіздік қалыпқа бейімделген жас мемлекеттердің өмірінде үлкен орын алады. Ендеше, қарқынды еліміздің дамуына жастар өзін-өзі жан-жақты көрсете білгенде ғана қол жеткізе аламыз. Дегенімен жастардың өздерін көрсетіп, биік шыңдардан көрінуі

алған білімдерінің, меңгерген ғылымдарының арқасында болмақ. «Болашақ-бүгіннен басталады» деген қағиданы назарымызға ала отырып, білім беру сатылары мен деңгейлерінің сабақтастығын біріктіріп, студенттердің алған білімдерінің бойларына кірпіштей қалануын көздейміз.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуде әйгілі тұлғалардың өмір дерегі мен өнегесін зерделеу маңызды болып отыр. Мұның өзі жеткіншектердің ата-бабаларының жақсы қасиеттері мен ұлағатты өсиеттерінен өнеге алуына мүмкіндік береді дей отырып, Абайға тоқталмау мүмкін емес.

Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүйуге баулып келеді. «Атаңның ұлы болмай, адамның ұлы болу» үшін, кісіге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті.

Абай қазақ халқын бірлік, татулық, достыққа шақырады, еңбек етуге талпындырады, ғылымды үйреніп, жан-жағына қарап, жастарға талап иесі болуды өсиет етті.

Абай ұлы данышпан, қазақтың ақылшысы, ұстазы, досы, халқымыздың тірегі, сенімі, ар-намысының әділ таразысы. Білімді, ғылымды үйренуде қазақтың ұлы ұстазы Абайға жүгінеміз. Абай халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Ғылымды ол әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы емес, бүкіл жаңашылыққа апаратын жол деп түсінді. Сол үшін де біз, білімімізді Абаймен ұштастырып отырып білім, ғылымды Абайдан іздейміз.

Абай жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» жастарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсаттарына жетуде табандылық көрсетуі, осындай асыл қасиеттерге уағыздау ұлы ұстаз шығармашылығының негізгі идеясы. Ақын талантты, өнер іздеген жастар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, болашақ қазақ жасының идеалын сомдады. Кейінгі жастарды сондай болуға шақырды. Ақын өлеңдерінде ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиіс екендігі айтылған.

Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Ғылым болудың басты шарты – не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеп, ақыл сенген нәрсеген ғана сену және көзі анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін нақтылап шегелеп тұрып айтады.

« ... Ақыл сенбей сенсеңіз

Бір іске кез келсеңіз.

Ақсақал айтты, бай айтты,

Кім болса, мейлі, сол айтты –

Ақылменен жеңсеңіз.

Надандарға бой берме,

Шын сөзбенен өлсеңіз ...» [1].

Бұл қазіргі заман үшін де, өз заманы үшін де өткір, батыл пікір екендігі анық.

Ақынның ғылым жолына түсу жөніндегі өсиеттерін барлық шығармаларынан байқауымызға болады. Отыз бірінші және отыз екінші қара сөздері түгелдей осы мәселеге арналған. Отыз бірінші қара сөзінде алған білімді бойына сіңіріп, жадында сақтап қалу туралы қарастырылады. Бұл ақынның педагогикалық, ұстаздық ойларының жемісі. Естіп білгеніңді ұмытпай есте сақтау тәсілдерін санап көрсетіп, ой кеселдерінен сақтандырады: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екіншісі – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер»[2].

Адам алған білімін осы төрт мәселемен бекітіп отырса, алған білімі, істеген еңбектері өз жемісін береді. Ол үшін ғылымға бар ынтамен, шын көңілмен қарау қажет. Сонымен, ақынның ойынша ғылым, өнер үйренудегі адамның мақсаты – алдымен надандықтан арылу, шындыққа көз жеткізу үшін, әділетті жолда болу үшін білім алып, ғылымды үйренуге шақырады.

Абайдың пікірінше, не нәрсе болсада талап ету арқыл келеді, мақсат – адал ниет пен талапта. Адамның адамдығы дүниені тану арқылы жүзеге асады.

Барлығынан ғылымды жоғары қойған Абай, ғылымның түрлеріне кеңінен тоқталып, оларды жан-жақты жүйелемесе де, отыз екінші қара сөзінде білім-ғылым үйренгісі келетін талапкерлерге өзінің ақыл-кеңесін береді. Ақын еш уақытта білім мен тәрбиені бір-бірінен бөліп алып, жеке қарастырмаған. Жақсы тәрбие білім арқылы келеді, - деп есептеген Абай, білім мен ғылымның адам өміріндегі орнын өте терең түсінді. Ол ғылым мен білімді тәрбиемен ұштастыра қарастырып, адамгершілік негізі - білім мен ғылым, - деген өте күрделі ой ұстанымда болды. Өз шығармашылығында білім мен ғылымды басты орынға шығарған Абай бар күш-жігерін халқының ұлттық санасын көтеруге жұмсады.

Ұлы ойшыл адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала отырып, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді», – деп тәрбие ақыл-естің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан

сабақ алып, өзін қоршаған әлеуметтік орта әсерінен өзгеріске енеді, ол іс-әрекет арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды [3].

Адам мінезін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал» – дейді.

Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық», – дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсетеді [4].

Нәсілдік көзқарасқа қарсы ақын адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдей келіп, өзінің отыз жетінші сөзінде: “Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім”, – деді [5].

Абай жастардың белгілі бір мамандықты меңгеруін қуаттайды. Өзінің отыз үшінші қара сөзінде «Егер мал керек болса, қолөнерін үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деп, жастардың сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі азамат болуын, белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен мал табуын уағыздаған ұлы ақын оларға:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болса, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан, – деп өмірден өз орныңды таба біл,
қоғамның пайдалы азаматы бол деп өсиет айтады.

Ұлы ақының ағартушылық көзқарастарының негізгі діңгегі – адам тәрбиесі, осыдан туындайтын барлық халық тәрбиесі, қазақ халқының болашағы жастарды адамгершілікке тәрбиелеп, еңбекке үйретіп, әрбір жас өз елінің «кетігіне» қаланатын «кірпіш» болса деп армандады.

Ақын жеке адамның тәрбиесі қоғамнан басталатынын көрсетті. Өйткені «адам түзелмей, қоғам түзелмейтінін» түсінген Абай, тобырдың ішінде тұлға жүрмесе мәнінен айрылатынын меңзеп, «не болады өңкей нөл» деп налыды [6].

Сонымен бірге ақын ақыл сөнбейтін іске сенбей, ең алдымен білім, ғылым, өнер жолын таңдап алып, «естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деп жол көрсетті. Сонда ғана осындай адамдары бар елдің келбеті түзіу болатынына сенеді.

Абай жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептейді. Ал кемелдікке жетудің тура жолы – адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады [7].

Ұлы ақының ағартушылық көзқарастарының негізгі діндегі – адам тәрбиесі, осыдан туындайтын барлық халық тәрбиесі, қазақ халқының болашағы жастарды адамгершілікке тәрбиелеп, еңбекке үйретіп, әрбір жас өз елінің «кетігіне» қаланатын «кірпіш» болса деп армандады.

Ақын жеке адамның тәрбиесі қоғамнан басталатынын көрсетті. Өйткені «адам түзелмей, қоғам түзелмейтінін» түсінген Абай, тобырдың ішінде тұлға жүрмесе мәнінен айрылатынын меңзеп, «не болады өңкей нөл» деп налыды [8].

Сонымен бірге ақын ақыл сөнбейтін іске сенбей, ең алдымен білім, ғылым, өнер жолын таңдап алып, «естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деп жол көрсетті. Сонда ғана осындай адамдары бар елдің келбеті түзіу болатынына сенеді.

Абай жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептейді. Ал кемелдікке жетудің тура жолы – адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады [9].

Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып өткен Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туған елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. – Алматы, 2007.
2. Құнанбаев А. Абайдың қара сөздері, – Алматы, 2001.
3. Қалиев С. Абайды оқу әліппесі, – Алматы, 1994.
4. Қалиев С. XV–XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. – Алматы, 2006.
5. Әбиев Ж. Педагогика тарихы, – Алматы, Дарын, 2006.
6. Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003.
7. Тәжібаев Т. А. Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары. – Алматы, ҚМБ, 1957 ж.
8. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы, Рауан, 1993ж.
9. Абай энциклопедиясы. - Атамұра баспасы, 1995 ж.